Ауыл әкімшілігі 16.

№23 (7659)
5/06/2026 ж.

www.zhaikpress.kz
zhayiktany@mail.ru
www.facebook.com/zhaiktany
www.facebook.com/zhaikpress
twitter.com/zhaikpress
www.instagram.com/zhaikpress,

# Жайық таңы

Аудандық қоғамдық-саяси газет

▶ ЖАСЫЛ ОРАҚ

## Шабындыққа шалғы түсті



Өткен аптада аудан әкімі Мұрат Сердалин Бударин ауылдық округіне жұмыс сапарымен барды. Онда ол округ аумағында орналасқан «Бҽрды»...

Сондай-ақ, Мұрат Амангелдіұлы ауыл шаруашылығы саласын дамытуда осындай еңбекқор жандардың рөлі ерекше екенін атап етті...

▶ ГАЗЕТ ӨЗІ – БІР КҮНДІК, СӨЗІ – МЫҢ КҮНДІК

## «ЖАЙЫҚ ТАҢЫМЕН» БІРГЕМІН

Соңғы жылдары «Газет дәуірі өтті», «Қазір жаңалықты жұрт телефоннан оқиды» деген әңгімені жиі еститін болдық. Рас, ақпараттың таралу жылдамдығы бұрынғыдан әлдеқайда артты. Қолымыздағы телефон арқылы әлемнің төрт бұрышындағы жаңалықты санаулы секундта біле аламыз. Бірақ осының бәрі газеттің орнын баса алды ма?

Меніңше, жоқ.

Өйткені газет – тегінде жай ғана ақпарат құралы емес. Газет – ойлануға, саралауға, салыстыруға үйрететін құрал. Әлеуметтік желідегі ақпарат ғұмыры тым қысқа. Бүгін оқығаныңды ертең ұмытып қаласың. Ал газеттегі мақалаға қайта ораласың, ойланып оқисың, қажет пе, қиып алып сақтап қоясың.

Біз көбіне балаларымыздың жақсы білім алғанын, үлкен жетістікке жеткенін қалаймыз. Бірақ сол жетістікке бастайтын жолдың бірі оқу мәдениеті екенін ұмытып кеткендейміз. Баланың кітапқа, газетке қызығушылығы өздігінен пайда болмайды. Ол ең алдымен отбасында қалыптасады. Үйдегі әке кешкісін телефон шұқылап отырса, бала да соны қайталайды. Ал әкесі немесе анасы газет оқып, ондағы жаңалықтарды отбасымен бірге талқылап отырса, бұл да бала санасына тез сіңіп, кітап оқуға, ілім-білімге құштарлығы оянады емес пе?!

шаруа қожалығына арнайы ат басын бұрып, шаруашылықтың жұмысымен танысты.

«Ералы» шаруа қожалығы – 2004 жылдан бері ауданның ауыл шаруашылығы саласында тұрақты еңбек етіп келе жатқан іргелі шаруашылықтардың бірі. Иесі – Бақтығали Теміргазиев.

Бүгінде қожалықта 65 ірі қара, 158 бас жылқы бар. Биыл шаруашылық 220 гектар жерге мал азықтық дақылдар еккен. Атап айтқанда, 120 гектарға судан шөбі, 40 гектарға жоңышқа және 60 гектарға қара бидай себілген. Шаруаның екпешөпке бет бұрғанына 4 жылдай уақыт болыпты. Ол үшін кәсіп иесі техникасын да қамдап қойыпты: шаруашылық иелігінде екі «МТЗ-82», «МТЗ-52», «МТЗ-922.3», «МТЗ-1222» тракторлары және ПТС-4, ПТС-6 трактор тіркемесі, екі ПТС-12, КУН, ПФ-145 пресс-жинағышы бар.

Б.Теміргазиевпен жүздескен аудан басшысы саладағы өзекті мәселелерді талқылап, жемшөп қорын молынан жинау, ауыл шаруашылығына көрсетілетін мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді пайдалану және алдағы жоспарлар жөнінде пікір алмасты.

«Қыстың қамын жаз ойла» деген, қазірдің өзінде шабындық басында тірлік қыз-қыз қайнап жатыр. Мақсат – алдағы қысқа жетерлік мал азығын жинап алу. Жем-шөп қорын дайындау жоспары да бекітілді. Биыл қыстаққа аудан бойынша 199 мың 200 шартты мал басы кіреді деп жоспарланған. Демек, осы малға қысқа жетерлік 362 мың 500 тонна шөп және 41 мың 100 тонна жем жинап алу қажет. Ал өткен қыстан аудан шаруашылықтарында 6 мың 500 тонна жемшөп қоры сақталған.

Қазіргі таңда ауданның бірқатар ауылдық округтеріндегі шабындықтарға шалғы түсті. Атап айтқанда, Чапаев, Құрайлысай және Базартөбе ауылдық округтерінде барлығы 4 мың 600 тонна мал азығы дайындалды.

Науқанға 18 техника жұмылдырылып, 1,7 мың гектар жердің шөбі шабылды.

**Нұрбек ИХСАН**

Ақпарат көп-ау, бірақ оның ақ-қарасын ажырату қиын болып бара жатыр. Әлеуметтік желіде кім не жазса да, жариялай береді. Ал газетте әр ақпарат тексеріледі, сараланады, оқырманға дұрысы ғана ұсынылады. Сондықтан дәстүрлі баспасөздің құны ешқашан төмендемейді деп білемін өз басым. Әлемнің көптеген елдерінде де адамдар осыны түсіне бастады. Жедел ақпаратты интернеттен алғанымен, терең талдау мен сенімді дерек үшін мерзімді басылымдарға қайта бет бұруда. Себебі уақыт өте келе адамдар ақпараттың көптігі емес, оның сапасы маңызды екенін ұғынды.

Мен үшін «Жайық таңының» орны бөлек. Өйткені туған мекеннен алыста жүрсем де, ауылымның жаңалығын осы газет арқылы біліп отырамын. Астанадан арнайы жазылып алдыртамын. «Жайық таңы»– өңірдің тыныс-тіршілігін, ел ішіндегі жаңалықтарды, жерлестердің жетістігін, ауылдардың бүгінгі келбетін оқырманға жеткізіп келе жатқан басылым. Айталық, мен дүниеге келген, өскен, балалық, жастық шағым өткен туған мекенім жайлы басқа ешбір басылым жазбайды ғой, тек «Жайық таңы» ғана. Ертең тарихқа айналатын оқиғалардың бәрін алдымен осы газеттен біліп отырамын. Сондықтан мен «Жайық таңымен» біргемін. Біле білсек, газет оқу – өткеннің сарқыншағы емес, ойлы адамның таңдауы.

Ауданымыздың айнасы «Жайық таңы» газетіне жазылып, бірге оқиық, бір болайық, жерлестерім.

**Күлән ҒҰМАРОВА,**
**Астана қаласының тұрғыны**


## 2026 жылдың II жартыжылдығына облыс және аудан газеттеріне жазылым бағасы

| Басылым атауы | Редакция арқылы | | Қазпошта арқылы | |
|---|---|---|---|---|
| | Жеке тұлға үшін | Заңды тұлға үшін | Жеке тұлға үшін | Заңды тұлға үшін |
| Жайық таңы | 2900 | 3700 | 3835,8 | 4585,76 |
| Орал өңірі | 4400 | 5500 | 6438,96 | 7438,96 |
| Приуралье | 4400 | 5500 | 6379,16 | 7379,16 |




## Редакция арқылы қашықтан төлем жасау жолы

1) WhatsApp арқылы 8-747-385-25-23 нөміріне хабарласып, төлем жасайтыныңызды хабарлау қажет

2) Содан кейін сіздің нөміріңізге қашықтан төлем жасауға сілтеме жіберіледі.

3) Сол сілтеме арқылы Kaspi немесе Halyk банктің мобильді қосымшасына өтіп, тиісті қаражатты енгізіп, төлем жасайсыз.

4) Төленген чекті 8-747-385-25-23 нөміріне жазылушының аты-жөні, жазылған газеттің атауын, ақылы қызмет түрін көрсетіп кері жолдайсыз.

«Жайық таңы» газеті редакциясы, БҚО, Чапаев ауылы. М.Ықсанов ат. көше, тел.: 8 (71136)91-7-36

## Ақжайық ауданының аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

2026 жылғы 5 шілдеде өтетін Ақжайық ауданы Чапаев ауылдық округі әкімінің сайлауына байланысты Ақжайық ауданының аумақтық сайлау комиссиясы №24, №25, №26, №27, №160 учаскелік сайлау комиссиясының құрамын және олардың орналасқан жері туралы хабарлайды.

### №24 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Чапаев ауылы, Жұбан көшесі №52, №1 жалпы орта білім беретін мектебі ғимараты.

Даркенова Татьяна Алексеевна – комиссия төрағасы;

Каирманов Артур Русланович – төрағаның орынбасары;

Сейткалиева Райгуль Рахимовна – комиссия хатшысы;

Таспаева Аксамал Аманжоловна – комиссия мүшесі;

Мусагалиева Жанар Сериковна – комиссия мүшесі;

Тапенова Балкымбат Каженқызы – комиссия мүшесі;

Абишева Замзагуль Нурлановна – комиссия мүшесі.

### №25 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Чапаев ауылы, Қазақстан көшесі №55, Ақжайық аудандық мәдени-демалыс орталығы ғимараты.

Хайруллина Айгерим Насибуллаевна – комиссия төрағасы;

Темиргалиев Багдат Елжасович – төрағаның орынбасары;

Маратова Кымбат Нарынбековна – комиссия хатшысы;

Абулхаиров Сакен Бауыржанович – комиссия мүшесі;

Нәсіп Арайлым Силыбекқызы – комиссия мүшесі;

Ищанова Алмагуль Аипкалиевна – комиссия мүшесі;

Сарбупиев Талгат Мизамгалиевич – комиссия мүшесі.

### №26 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Чапаев ауылы, Х.Есенжанов көшесі №127, Ақжайық аграрлық техникалық колледжі ғимараты.

Сагындыков Жарас Мирович – комиссия төрағасы;

Айткалиев Кенжебек Утарбаевич – төрағаның орынбасары;

Максутов Мади Сериккалиевич– комиссия хатшысы;

Медеуов Казбек Бактигалиевич – комиссия мүшесі;

Бегманова Алия Галимовна – комиссия мүшесі;

Габдуллина Алия Есенбаевна – комиссия мүшесі;

Мусагалиева Роза Сакеновна – комиссия мүшесі.

### №27 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Жайық ауылы, Қ.Ортаев көшесі №19А, Жайық ауылдық мәдениет үйі ғимараты.

Мендалиева Арайлым Ерболовна – комиссия төрағасы;

Сагадиева Алия Кажмуратовна – төрағаның орынбасары;

Утешева Асылгуль Жамбуловна – комиссия хатшысы;

Қалиев Бақтияр Сәлімұлы – комиссия мүшесі;

Гилманова Гульнара Гилмановна – комиссия мүшесі.

### №160 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Чапаев ауылы, К.Меңдәлиев көшесі №77, Абай атындағы мектеп-гимназиясы ғимараты.

Джапашев Орынбек Талгатович– комиссия төрағасы;

Абишев Максим Маратович – төрағаның орынбасары;

Уразгалиева Дина Алтынбековна – комиссия хатшысы;

Макатова Айсумгул Макатовна– комиссия мүшесі;

Кайргалиев Кайрбек Еркегалиевич – комиссия мүшесі;

Ермеккалиева Сажида Ермеккалиевна – комиссия мүшесі;

Изтелеуова Актолкын Сериковна – комиссия мүшесі.

## 2026 жылғы 5 шілдеге тағайындалған Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданының Чапаев ауылдық округі әкімінің сайлауының Ақжайық ауданы аумағында сайлау учаскесінің шекарасы

### САЙЛАУ УЧАСКЕСІ № 24.

**Орналасқан жері:** Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Чапаев ауылы Жұбан көшесі №52 «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Ақжайық ауданы білім беру бөлімінің «№1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

**Шекаралары:** Республика көшесі № 1-143, 2-158 үйлері, Татулық көшесіндегі үйлер, Исатай көшесіндегі үйлер, Атамекен көшесіндегі үйлер, Жұбан көшесі № 1-129, 12-170 үйлері, Х. Есенжанов көшесі № 7-53, 2-48 үйлері, О.Исаев көшесі № 1-87, 2-96 үйлері, Д.Қонаев көшесі № 5-57, 16-58 үйлері, Әбілқайыр Хан көшесіндегі үйлер, Еңбек көшесіндегі үйлер, Өркен көшесіндегі үйлер, Ақжол көшесіндегі үйлер.

### САЙЛАУ УЧАСКЕСІ № 25.

**Орналасқан жері:** Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Чапаев ауылы Қазақстан көшесі № 55 «Ақжайық ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақжайық аудандық мәдени-демалыс орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорны ғимараты.

**Шекаралары:** Қазақстан көшесі № 1-127, 2-142 үйлері, К.Мендалиев көшесі № 1-63, 2-78 ... көшесіндегі үйлер, М. Абдолов көшесіндегі үйлер, Әйтиев көшесіндегі үйлер, Махамбет көшесіндегі үйлер, Е.Орақбаев көшесіндегі үйлер, С.Сейфуллин көшесіндегі үйлер, Мәңгілік ел көшесіндегі үйлер, Сырым батыр көшесіндегі үйлер, Бауырластар көшесіндегі үйлер, Ықсанов көшесіндегі үйлер, Қостанбаев көшесіндегі үйлер, Өтепбаев көшесіндегі үйлер, Кірпіш зауыты көшесіндегі үйлер, № 37 көше, № 9 көше, № 9 тұйық көше, Ақжайық тұйық көшесіндегі үйлер.

### САЙЛАУ УЧАСКЕСІ № 27.

**Орналасқан жері:** Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Жайық ауылы Қ. Ортаев көшесі № 19А Ақжайық ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақжайық аудандық мәдени демалыс орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны Жайық ауылдық мәдениет үйі ғимараты.

**Шекаралары:** Қ.Ортаев көшесі № 1-51 үйлері, Д.Жаксыгулов көшесі № 1-29 үйлері, Қазақстан көшесі № 1-9 үйлері, Егемен көшесі № 1-5 үйлері, Жеңіс көшесі № 4, 5/1, 5/2, 6-9, 10, 12, 13, 14 үйлері, Сәтті сапар көшесі №1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 12 үйлері, Жайық көшесі № 1-8 үйлері, Сартөбе

ң сайлау комиссиясының
АСЫ

сия

Елжасович –
;
рынбековна

ауыржанович

бекқызы –

ипкалиевна

сия мүшесі.

сайлау
ы
тыс
айық

27,
икалық

ирович –

Утарбаевич
ы;
калиевич–

игалиевич –

мовна –

нбаевна –

кеновна –

**№27 учаскелік сайлау комиссиясы**

Орналасқан жері: Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Жайық ауылы, Қ.Ортаев көшесі №19А, Жайық ауылдық мәдениет үйі ғимараты.

Мендалиева Арайлым Ерболовна – комиссия төрағасы;

Сагадиева Алия Кажмуратовна – төрағаның орынбасары;

Утешева Асылгуль Жамбуловна – комиссия хатшысы;

Қалиев Бақтияр Сәлімұлы – комиссия мүшесі;

Гилманова Гульнара Гилмановна – комиссия мүшесі.

**№160 учаскелік сайлау комиссиясы**

Орналасқан жері: Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Чапаев ауылы, К.Меңдәлиев көшесі №77, Абай атындағы мектеп-гимназиясы ғимараты.

Джапашев Орынбек Талгатович– комиссия төрағасы;

Абишев Максим Маратович – төрағаның орынбасары;

Уразгалиева Дина Алтынбековна – комиссия хатшысы;

Макатова Айсумгул Макатовна– комиссия мүшесі;

Кайргалиев Кайрбек Еркегалиевич – комиссия мүшесі;

Ермеккалиева Сажида Ермеккалиевна – комиссия мүшесі;

Изтелеуова Актолкын Сериковна – комиссия мүшесі.

**азақстан облысы Ақжайық ауданының**
**ың Ақжайық ауданы аумағында**
**шекарасы**

сіндегі үйлер, М. Абдолов көшесіндегі үйлер, Әйтиев сіндегі үйлер, Махамбет көшесіндегі үйлер, Е.Орақбаев сіндегі үйлер, С.Сейфуллин көшесіндегі үйлер, Мәңгілік шесіндегі үйлер, Сырым батыр көшесіндегі үйлер, оластар көшесіндегі үйлер, Ықсанов көшесіндегі үйлер, нбаев көшесіндегі үйлер, Өтепбаев көшесіндегі үйлер, зауыты көшесіндегі үйлер, № 37 көше, № 9 көше, № 9 көше, Ақжайық тұйық көшесіндегі үйлер.

**САЙЛАУ УЧАСКЕСІ № 27.**

**наласқан жері:** Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ы Жайық ауылы Қ. Ортаев көшесі № 19А Ақжайық ының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақжайық дық мәдени демалыс орталығы» мемлекеттік налдық қазыналық кәсіпорыны Жайық ауылдық иет үйі ғимараты.

**екаралары:** Қ.Ортаев көшесі № 1-51 үйлері, сыгулов көшесі № 1-29 үйлері, Қазақстан көшесі № лері, Егемен көшесі № 1-5 үйлері, Жеңіс көшесі № 4, 2, 6-9, 10, 12, 13, 14 үйлері, Сәтті сапар көшесі №1, 2, , 6, 7, 12 үйлері, Жайық көшесі № 1-8 үйлері, Сартөбе ы, Қарасу қыстағы.

**САЙЛАУ УЧАСКЕСІ № 160.**

**наласқан жері:** Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ы Чапаев ауылы К.Мендалиев көшесі № 77 «Батыс стан облысы әкімдігі білім басқармасының Ақжайық білім беру бөлімінің «Абай атындағы мектеп-иясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ты.

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Чапаев ауылдық округі әкімі аппараты «Ақжайық ауданы Чапаев ауылы аумағындағы орман қоры жерлерін орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерлерге ауыстыру» жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Әсер ету аймағы: Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Чапаев ауылы.

15.06.2026 ж. бастап жиырма жұмыс күн ішінде https://ndbecology.gov.kz/ сайтында қоғамдық талқылауларды өткізу уақыты.

Жоспарланған іс-шаралардың бастамашысы: БҚО Ақжайық ауданы Чапаев ауылдық округі әкімі аппараты.

Қоғамдық талқылауға жіберілген материалдар, содан кейін жарияланған қоғамдық талқылау хаттамасымен https://ndbecology.gov.kz/ сайтынан табуға болады.

Жоспарланған іс-шаралар, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау электронды пошта chap_akimat@mail.ru және https://ndbecology.gov.kz/ сайты арқылы алуға болады.

Байланыс телефондары: 8 (71136) 91-3-87, 92-5-42.

**ОБЪЯВЛЕНИЕ**

Аппарат акима Чапаевского сельского округа Акжаикского района Западно-Казахстанской области уведомляет о проведении общественных слушаний посредством публичных обсуждений по проекту «Перевод земель лесного фонда на территории села Чапаево Акжаикского района в земли иных категорий для целей, не связанных с ведением лесного хозяйства». Территория воздействия: Западно-Казахстанская область, Акжаикский район, село Чапаев.

Срок проведения публичных обсуждений на сайте https://ndbecology.gov.kz/ начиная с 15.06.2026 г. в течение двадцати рабочих дней.

Инициатор намечаемой деятельности: Аппарат акима Чапаевского сельского округа Акжаикского района ЗКО.

С материалами, вынесенными на публичные обсуждение, а также опубликованным протоколом публичных обсуждения, можно ознакомиться на сайте https://ndbecology.gov.kz/

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности , проведении общественных слушаний, приеме замечаний и предложений можно получить по электронной почте chap_akimat@mail.ru и на сайте https://ndbecology.gov.kz/

Контактные телефоны: 8(71136) 91-3-87, 92-5-42.

«Бударин мектеп бөбекжай» кешені КММ-ның кіші қызметкері, әріптесіміз Ахметова Гульмира Елкейевнаға